

Сабақтың тақырыбы:
Антивирустық бағдарламалар.
Кірме сөздер

ЖАҢА СӨЗДЕР:

- ▶ Дерек-
- ▶ Бақылау-
- ▶ Табу-
- ▶ Емдеу-
- ▶ Вирустан қорғау-
- ▶ Алғашқы қалпы-

Антивирустық программалар

- Вирусқа қарсы программалар жазатын мамандар - Д.Лозинский, Д.Мостовой, А.Данилов және т.б. Вирустарды табуға және жоюға мүмкіндік беретін программалар антививустық программалар деп аталады. Бұл программалар вируспен зақымданған файлдарды тауып қана қоймай, оларды емдейді де оны зақымдалған уақытына дейінгі қалпына келтіреді.
- **Антивирустық программалар** – компьютерді вирустан қорғау, дискілерде жазулы программалар мен берілгендерді вирусқа тексеру, оларға енген вирустарды жою сияқты әрекеттерді орындауға арналған программалар.
- Қазіргі кезде кеңінен қолданылатын антивирустық программалар: **Aidstest, DrWeb, NDD, Antiviral Toolkit Pro (AVP), Kaspersky Antivirus** және т.б.

КОМПЬЮТЕРЛІК ВИРУСТАРМЕН КҮРЕСУ ҮШІН АРНАЙЫ АППАРАТТЫ – ПРОГРАММАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ОЙЛАП ТАБЫЛАДЫ. ОЛАРДЫҢ ЖАЛПЫ *КЕМШІЛІГІ* – ҚАЗІРГІ ТАҢҒА ДЕЙІН МӘЛІМ «АУРУЛАРДЫ» ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН, БҰЛ УАҚЫТТА ВИРУС ПРОГРАММАЛАРЫН ЖАСАЙТЫНДАР ОДАН ДА КҮРДЕЛІ ВИРУСТАРДЫ ӨНДІРЕДІ.

АНТИВИРУСТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫ **ЕКІ** ТОПҚА БӨЛУГЕ БОЛАДЫ: *АППАРАТТЫ* ЖӘНЕ *ПРОГРАММАЛЫҚ*.

1. АППАРАТТЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАР КӨБІНЕСЕ ӘР ТҮРЛІ КРИПТОГРАФИКАЛЫҚ КЕСТЕЛЕРДІ ӨНДІРЕДІ ЖӘНЕ ҚАДАҒАЛАУ ЖӘНЕ КВ-ДАН ҚОРҒАУ АРНАЙЫ ПРОГРАММАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАУМЕН БІРГЕ ӨНДІРІЛЕДІ. БІРАҚ БҰЛ ҚҰРЫЛҒЫЛАР ЖОҒАРҒЫ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ БАР АЕЖ ӨНДІРІСІН ТӨМЕНДЕТЕДІ.

2. ҚАЗІРГІ КЕЗДЕ ЕҢ КӨП ТАРАЛҒАН ПРОГРАММАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР – КВ-ДАН ҚОРҒАУ ЖАБДЫҚТАРЫ.

ВИРУСТАРДЫДЫ ТАБУ, ОЛАРДЫ ЖОЮ ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРДІ ВИРУСТАРДАН ҚОРҒАУ ҮШІН БІРНЕШЕ АРНАЙЫ ПРОГРАММАЛАР ТҮРЛЕРІ ОЙЛАП ШЫҒАРЫЛДЫ. ОЛАР ВИРУСТАРДЫ ТАБАДЫ ЖӘНЕ ЖОЯ АЛАДЫ. БҰЛ ПРОГРАММАЛАР – АНТИВИРУСТЫҚ ПРОГРАММАЛАР ДЕП АТАЛАДЫ.

АНТИВИРУСТЫҚ ПРОГРАММАЛАРДЫҢ КЕЛЕСІ ТҮРЛЕРІ БОЛАДЫ:

- ДЕТЕКТОР-ПРОГРАММАЛАРЫ;
- ДОКТОР НЕМЕСЕ ФАГ-ПРОГРАММАЛАРЫ;
- РЕВИЗОР-ПРОГРАММАЛАР;
- ФИЛЬТР-ПРОГРАММАЛАР;
- ВАКЦИНА ЖӘНЕ ИММУНИЗАТОР-ПРОГРАММАЛАРЫ;

Антивирус

Топтары

- Жұмысы файлдағы деректерге арналған әр түрлі бақылаулық қосындыларды есте сақтауға негізделген;
- Резиденттік программалар, олар вирусты программаны немесе ОЖ зақымдау кезінде табады;
- Файлдарда вирустың барын олар зақымдағаннан кейін табады.

Типтері

- Детектор - программалар;
- Доктор - программалар;
- Ревизор – программалар;
- Фильтр - программалар

Вирусқа қарсы антивирустардың жіктелуі

Детектор -
программалар

Доктор -
программалар

Ревизор -
программалар

Антивирустық
программалар



Доктор
ревизорлар

Фильтр -
программалар

Вакцина -
программалар

Антивирустық программалар түрлері

Антивирустық программалар

Детектор-програма

Белгілі вирустардың бірімен зақымдалған файлдарды табады, мұндай программалар жеке түрде сирек кездеседі.

Доктор-программа

Вируспен зақымдалған файлдарды тауып қана қоймай, оларды “емдейді” де, файлдардан вирус программасының тәнін жояды.

Ревизор-программа

Вирустардан қорғайтын құралдардың ең сенімдісі. Программалардың алғашқы калпын, яғни компьютердің вируспен зақымдалмаған кезін есте сақтайды.

Фильтр-программа

Олар компьютердің операцияларын бақылайды және компьютер жұмысының барысында вирустарға тән күмәнді әрекеттерді

Бүгінгі таңда ең танымал (әйгілі) антивирустық құралдарға Norton AntiVirus, AVIRA, DoctorWeb, Каспер және ESET NOD32 антивирустарын жатқызуға болады.



ESET NOD32
ANTIVIRUS



Microsoft®
Security Essentials

Адам мен компьютердің жұқпалы ауруларын салыстыру әдістері

	Адамда	Компьютерде
Жұқпалы аурулар түрлері	Вирус-ақ қан түйіршігі-лимфоциттерді зақымдайды және де А,В, С-бауыр ұлпасына зақым келтіреді	Резиденттік- жедел жадқа өзін көшіреді, біраз уақыт бойы білінбейді Ал Резиденттік емес болса, онда өзін жедел жадқа жазбайды, алдымен вирус программа іске қосылады
Пайда болу жолдары	Бөгде ауырған адамдардан жұғады	<ul style="list-style-type: none"> > Дискеттер > Лазерлік дискілер > Компьютерлік желілер > Флешкалар
Қандай өзгерістер болады	Адам өзін жайсыз сезінеді, қалтырау, температура көтеріледі және т.б	<ul style="list-style-type: none"> > Программа дұрыс жұмыс істемейді немесе жұмысын тоқтатады > Экранда бөгде символдар , хабарламалар шығады > Компьютер баяу жұмыс істейді > Кейбір файлдардың бұзылғы > Компьютер жұмысындағы жиі тұрып қалулар және жанылысулар
Емдеу жолдары	Дәрі-дәрмектер егу және антибиотиктерді қабылдау арқылы	Антивирустық программалар орнату арқылы Мысалы: Касперский, Doctor Web, NOD 32
Сақтану жолдары	Жаман әдеттерден аулақ болу және жеке бас гигиенасын ұстап. Салауатты өмір салтын қалыптастыру	<ul style="list-style-type: none"> > Дискеттерді вирусқа тексеру > Компьютерді ұдайы вирусқа тексеру > Антивирустық деректер базасын ұдайы жаңарту > Зақымдануы ықтимал кездейсоқ “тиратық” (ұрлық) программаларды қолданбау > Қосалқы көшірме жасау-ақпаратты архивтеу

Кірме сөздер туралы жалпы түсінік

Кірме сөздер дегеніміз тілімізге басқа тілден енген сөздер. Бір тілден екінші тілге сөздердің ауысып тұруы барлық тілдерге тән құбылыс. Сөздік құрамына басқа тілден сөз енбеген тіл жоқ десе де болады. Дүние жүзіндегі түрлі – түрлі тілдерде сөйлейтін халықтар өз ара бір - бірімен қарым – қатынаста болады да, бір-біріне сөз ауысады. Әрбір тілдегі басқа тілдік сөздер санының аз – я көптігі тарихи жағдайлармен тығыз байланысты.

Өз тарихында қазақ халқы көптеген елдермен қарым – қатынас жасап, аралас – құралас болғаны мәлім. Соның нәтижесінде араб, парсы, монғол, орыс тілдерінен қазақ тіліне көптеген сөздер кірген. Қазақ тіліне енген кірме сөздердің тарихы өте ұзақ. IX – X ғасырда бастап араб, парсы сөздері кірсе, XIX ғасырдан бері қарай орыс тілі арқылы келген кірме сөздердің саны өте көп.



КІРМЕ СөЗДЕР

Араб-парсы тілінен енген сөздер	Монғол тілінен енген сөздер	Орыс тілінен енген сөздер
Адам, қоғам, ғалым, білім, ғылым, мектеп, кітап, әлем, әдебиет, мәдениет, әліпби, т.б.	Жасак, ұлыс, нөкер, жарлық, аймақ, өлке, Тарбағатай, Зайсан, Баянауыл, Алтай, т.б.	Жәшік, тәрелке, сөмке, кәмпит, бәтенке, тұрба, сірінке, кереует, жәрменке, үстел, т.б.



vk.com/kazent


I топ

Араб, парсы тілінен енген сөздер:

адам, әлем, ғылым, қоғам, мектеп, білім, тарих, әдебиет, мәдениет, пән, тәрбие, емле, т.б.

Тарихи дерек: Қазақ даласы X-XII ғасырларда араб халифатының қарамағында болды. Ислам діні тарады.

Ислам мәдениетін жасауда қазақ жерінен шыққан көптеген ақын, ғалым, ойшылдардың үлесі мол болды. Әунасыр әл Фараби, Ғаббас әл Жауһари, әл Сығанақи сияқты тұлғалар шықты. Поэзияда парсы тілі, ғылымда араб тілі басым болғанына қарамастан, Ахмет Иассуан, Ахмет Иүгенекі, Сүлеймен Бақырғани, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқаридай түркі даналары еңбектерін өз ана тілінде жазды.



*Қазақшаға
аударылған кірме
сөздер*


Самолет – ұшақ

Вертолёт – тікұшақ

Коллектив – ұжым


Герб – елт аңба

Гимн - әнұран



*Араб, парсы тілінен
енген*

*Адам, әлем, ағым, қоғам,
сөздер
мектеп, білім, тарих,
әдебиет, мәдениет, пән,
тәрбие, емле т.б*





Орыс тілінен енген сөздер

*•) Қазан т өңкерісіне дейін енген сөздер:
болыс, сот , жәшік, кереует , бөт елке,
кәмпит , сөмке, т ұрба т .б.*

*ә) Кеңест ік дәуірде кірген т ермин сөздер:
т елефон, т елеграф, авт омобиль т .б.*



Монғол тілінен енген сөздер

а) ел билеуге байланысты сөздер:

ұлыс, нөкер, жасақ, аймақ,

жарлық т .б.

ә) жер – су ат аулары: Тарбағат ай,

Нарынқол, Нұра, Баянауыл,

Кіріме сөздердегі буын үндестігіне бағынбайтын жағдайлар

Кіріме сөздерде жуан, жіңішке дауысты дыбыстар араласып келе береді

араб тілі: *кітап, мұғалім, құдірет* т. б.
орыс тілі: *кино, театр, алгебра* т. б.

“Х” әршіне аяқталған сөзге қосымша жуан түрде жалғанады

тарихтың, цехтан т. б.

“рк, нк, кс, кт” дыбыстарына аяқталған сөзге қосымша жіңішке түрде жалғанады

парк-тең, тапк-ті, пункт-ге, люкс-ге

“ль” түрінде аяқталған сөзге қосымша жіңішке түрде жалғанады

рольді, ролі, рульді, рулі

Соңғы буынында “ә” әрпі бар сөздерге қысаң дауыстысы бар қосымша жіңішке түрде жалғанады, ал ашық дауыстылар жуан түрде жалғанады

Кінә – кінәлі, күмән – күмәнді
Кінә – кінәла, күмән – күмәндан

1-тапсырма



Үзіндіден кірме сөзді тап.

Дастархан жайып құрметтеп,
Төкті түрлі жемісті
Жез самаурын қайнаулы,
Союға бағлан байлаулы.

2-тапсырма. Мына кірме сөздерді қатыстырып бірнеше сөйлем құраңдар:

- ▶ білім, адам, құн, талап, сабақ, самауыр, телефон

3-тапсырма. Мәтіннен кірме сөздерді тауып, қай тілден енгенін ажырату.

1-мәтін.

Аса қабілетті адамдардың ендігі бір тобы-кішкентай кездерінен-ақ таңғаларлық қасиет танытатын вундеркиндтер болған. Ағылшындық Рут Лоуренс 14 жасында Оксфорд университетіне физикадан емтихан тапсырған. Университеттің барлық курсына тамамадап шығу үшін оған небары бір-ақ жыл керек болған.

2-мәтін

Клуб сахнасына тал шыбықтай майысқан нәзік денелі, сүйкімді қара көзді, дөңгелек ашан жүзді, қос бұрымын иықтан асыра тастаған жап-жас қыз шыға келіп, аса бір жарасыммен иіліп көпшілікке тәжім етті. Оның бет пішінінде абыржу, асып-сасу, қысылу байқалмайды, қайта әдемі бидай өңінде нұр ойнайды.

3-мәтін

Шалкиіз-көбі мақалға айналып кеткен талай афоризм сөздердің авторы. Көзі жіті жырау өзінің айтпақ ойын неғұрлым өткір, неғұрлым діл бере алатын сөздерді іріктеп қолданады. Осының нәтижесінде Шалкиіз сахара жыршылары үшін қолға түсе бермейтін қасиет-аз сөзге көп мағына сыйғызу искусствосына ие болған.

Үй тапсырмасы:

1. Лексикалық, грамматикалық тақырыптарға конспект жазу.
2. 1,2,3-тапсырмаларды орындау.